

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

27 МАРТА
2026 года
ПЯТНИЦА
№ 13 (1821)

Наш профиль
в Instagram



Instagram: saran_today, saran_gazeti

Facebook: sarangazeti

Website: sarangazeti.kz

» НОВОСТИ РЕГИОНА

Қарағанды облысында «Тазару күніне» 10 мыңға жуық тұрғын қатысты



Қарағанды облысында өткен «Тазару күні» экологиялық акциясына 10 мыңға жуық тұрғын белсене қатысып, Наурызанама онкүндігін мазмұнды түрде қорытындылады. Ауқымды шара барысында өңірде 1,5 мың гектар аумақ тазартылып, шамамен 30 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық сыртқа шығарылды.

Тазалық күні «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылды. Барлық қала мен аудандарда еріктілер, студенттер, еңбек ұжымдары мен эко-белсенділер жұмылып, тазалық жауапкершілік және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін дәріптеді.

«Тазару күніне» орай «Тазалық эстафетасы», «TazaLike» экофестивальдері, сондай-ақ «Өзіңнен баста» жастар акциясы өтті.

Қарағанды қаласында Нұрсұлтан Назарбаев даңғылындағы гүлзарды тазалауға шамамен 3 мың адам қатысты.

Игі іске жергілікті билік өкілдерімен қатар жастар және еріктілер ұйымдары да қолдау білдірді.

Сонымен қатар қала аумағында саябақтар, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер кешенді түрде тазартылды.

Теміртауда «Тазару күні» акциясына Qatmet компаниясының металлургиялық қалдықтарын ретке келтірді.

Шахтинск қаласында еріктілер қарттарға қолдау көрсетуге басымдық берді: «Ардагерім – ардағым» акциясы аясында жалғызбасты зейнеткерлердің аулалары тазартылып, абаттандырылды.

Жалпы облыс бойынша тұрғындар аулалар мен қоғамдық кеңістіктерде тазалық жұмыстарын белсенді жүргізді.

Сонымен қатар «Таза аула» экологиялық челленджи бастау алып, бір ай ішінде ең үлгілі әрі абаттандырылған аула аумақтары анықталатын болады.

gov.kz

» МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫНДА

НАУРЫЗ ДУМАНЫ: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



Биыл Саран қаласына қарасты Плановый, Дубовка, 106 кенттерде және РТИ шағын ауданында алғаш рет Наурыз думаны ерекше сән-салтанатымен бастау алды.

Әз-Наурыз мейрамы қарсаңында қала әкімі Дарын Бұлқайыр елді мекендердегі мерекелік думанды арнайы аралап, тұрғындардың қуанышына ортақ болды. Көктемнің шуақты күнімен бірге келген бұл игі сәтте әкім халықпен жүздесіп, ізгі тілегін білдірді.

Көшпелі Наурыз думаны ең ал-

дымен Плановый кентінен бастау алды. Тұрғындар алаңға жиналып, қалалық мәдениет үйінің өнерлі өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады. Қолдарына домбыра ұстаған балалар күйден шашу шашып, айналаны күмбірлеген күйге толтырды. Хош иісті бауырсақсыз, Наурыз көжесіз Ұлыстың ұлы күнін елестету мүмкін емес. Ақ дастарқанға қойылған ұлттық тағамдардан тұрғындар ауыз тиіп, ыстық сауарын шайын ішті.

ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ

Саран қалалық мәслихаты депутаттарының және қала тұрғындарының назарына

2026 жылғы 26 наурыз

Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі
Саран қ. № 7-н 2026 жылғы 26 наурыз

Қалалық мәслихаттың кезекті XXXIII сессиясын шақыру туралы

Саран қалалық мәслихатының кезекті XXXIII сессиясы 2026 жылғы 2 сәуірдің сағат 10.00-де шақырылсын.

ХАБАРЛАМА

Қалалық мәслихаттың 2026 жылғы 2 сәуірдің кезекті XXXIII сессиясының қарауына келесі мәселелер шығарылады:

1. «Қарағанды облысы білім басқармасының «Саран қаласының білім бөлімі» ММ басшысының 2025 жылғы жұмысы және 2026 жылға арналған жоспарлары туралы
2. «Сарантепсервис» ЖШС-нің 2025 жылғы жұмысы және 2026 жылға арналған жоспарлары туралы.
3. Бюджет, экономика, кәсіпкерлік, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы есебі туралы.
4. Коммуналдық шаруашылық, өнеркәсіп, құрылыс, көлік, экология және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы есебі туралы.
5. Басқа да мәселелер.

Сессияны дайындауға жауапты: Заря Блялевна Малшибекова, жұмыс тел.: 8(72137) 73908, электрондық пошта мекенжайы: saranmaslihat@mail.ru.

Саран қалалық мәслихатының төрағасы

О. Баймаганбетов

К сведению депутатов Саранского городского маслихата и населения города

26 марта 2026 года

Распоряжение Председателя Саранского городского маслихата
г. Сарань № 7-0 26 марта 2026 года

О созыве XXXIII очередной сессии городского маслихата

Созвать очередную XXXIII сессию Саранского городского маслихата 2 апреля 2026 года в 10.00 часов.

СООБЩЕНИЕ

На рассмотрение очередной XXXIII сессии городского маслихата 2 апреля 2026 года вносятся следующие вопросы:

1. О работе руководителя ГУ «Отдел образования города Сарани Управления образования Карагандинской области» за 2025 год и планах на 2026 год
2. О работе ТОО «Сарантепсервис» за 2025 год и планах на 2026 год.
3. Об отчете постоянной комиссии по вопросам бюджета, экономики, предпринимательства, социально-культурного развития и социальной защите населения за 2025 год.
4. Об отчете постоянной комиссии по вопросам коммунального хозяйства, промышленности, строительства, транспорта, экологии и законности за 2025 год.
5. Разное.

Ответственный за подготовку сессии: Малшибекова Заря Блялевна, раб. тел. 8(72137) 73908, адрес электронной почты saranmaslihat@mail.ru.

Председатель Саранского городского маслихата

О. Баймаганбетов

» МАҢЫЗДЫ

Сот актілерін шағымдану тәртібі және сот тәуелсіздігінің негіздері

Азаматтардың өтініштерін қарау тәжірибесі, жеке қабылдаулар және азаматтармен өзара іс-қимылдың басқа да нысандары қоғамда сот билігінің рөлі, оның тәуелсіздік қағидаттары және сот актілерін қайта қараудың заңда белгіленген тәртібі туралы түсінік әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Кейбір жағдайларда азаматтар мемлекеттік органдарға судьяның әрекеттерін түсіндіруді, сот ісін қарауға ықпал етуді немесе сот шешімін қайта қарауға көмектесуді сұрап жүгінеді. Алайда мұндай өтініштер көбінесе мемлекеттік органдардың құзыретіне кірмейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну қағидаты негізінде жүзеге асырылады. Бұл қағидат Конституцияның 3-бабында бекітілген.

Конституцияның 75-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек соттар жүзеге асырады. 76-бап сот билігінің азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталғанын айқындайды.

Сонымен қатар 77-бапта судьялардың тәуелсіздігі, олардың тек Конституция мен заңдарға ғана бағынатыны және сот төрелігін

жүзеге асыруға араласуға жол берілмейтіні көрсетілген.

Судьялардың тәуелсіздігіне кепілдіктер «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда да бекітілген.

Конституция әрбір адамға сот арқылы қорғалу құқығын кепілдендіреді. Бұл құқық сот шешімдерін заңда белгіленген тәртіппен қайта қарау мүмкіндігін де қамтиды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты бұл құқық заңмен белгіленген рәсімдермен талаптар шеңберінде жүзеге асырылатынын бірнеше рет атап өткен.

Яғни сот актілерін қайта қарау тек процестік заңнамамен көзделген тәртіп бойынша және тек соттардың құзыреті шеңберінде жүзеге асырылады.

Процестік заңнама сот актілерін қайта қараудың бірнеше нысанын қарастырады.

Апелляциялық тәртіп — сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін істі мәні бойынша қайта қарау (Азаматтық процестік кодекстің 52–53-тараулары; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 25–27-тараулары; Қылмыстық-процестік кодекстің 48–49-тараулары).

Кассациялық тәртіп — заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеру (Азаматтық процестік кодекстің 54-тарауы;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 169, 169-1-баптары; Қылмыстық-процестік кодекстің 52-тарауы).

Жаңа немесе жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау — бұрын белгісіз болған және істің шешілуіне әсер етуі мүмкін мән-жайлар анықталған жағдайда қолданылады (Азаматтық процестік кодекстің 55-тарауы; Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 170-бабы; Қылмыстық-процестік кодекстің 53-тарауы).

Прокуратураның бұл жүйедегі рөлі де заңмен айқындалған. Прокурор сот актілеріне наразылық келтіруге құқылы, алайда сот шешімін өз бетінше өзгерте алмайды.

Азаматтармен жұмыс барысында мемлекеттік органдар сот қызметіне араласа алмайтынын және сот актілеріне баға бере алмайтынын түсіндіру маңызды. Оның орнына азаматтарға сот шешімдерін шағымданудың заңда белгіленген тәртібі, мерзімдері және құқықтық мүмкіндіктері түсіндірілуі тиіс.

Сот тәуелсіздігі — мемлекеттік билікті ұйымдастырудың маңызды қағидаты ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғаудың негізгі кепілі болып табылады.

Қарағанды облысының Әділет департаменті

Независимость суда и порядок обжалования судебных актов

Практика рассмотрения обращений граждан, проведения личных приемов и других форм взаимодействия показывает, что в обществе сохраняется недостаточное понимание роли судебной власти, принципов ее независимости и установленного законом порядка пересмотра судебных актов.

Нередко граждане обращаются в государственные органы с просьбами разъяснить действия судьи, повлиять на рассмотрение дела или содействовать пересмотру судебного решения. Однако подобные ожидания выходят за пределы полномочий представительных и исполнительных органов.

Судебная власть в Республике Казахстан является самостоятельной ветвью государственной власти. Согласно статье 3 Конституции, государственная власть осуществляется на основе разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви, которые взаимодействуют между собой, но остаются независимыми.

В соответствии со статьей 75 Конституции, правосудие в Республике Казахстан осуществляется только судами. Статья 76 определяет, что судебная власть направлена на защиту прав, свобод и законных интересов граждан и организаций.

Особое значение имеет статья 77 Конституции, согласно которой судьи независимы и подчи-

няются только Конституции и законам. Любое вмешательство в деятельность суда при осуществлении правосудия недопустимо.

Гарантии независимости судей также закреплены в Конституционном законе «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан».

Конституция гарантирует каждому право на судебную защиту, включая возможность пересмотра судебных решений. Вместе с тем Конституционный Суд Республики Казахстан неоднократно отмечал, что данное право реализуется исключительно в рамках процедур и условий, установленных законом.

Иными словами, пересмотр судебных актов возможен только через предусмотренные процессуальным законодательством механизмы и осуществляется исключительно судами.

Процессуальные кодексы предусматривают несколько форм обжалования.

Апелляционное обжалование — пересмотр дела по существу до вступления судебного решения в законную силу (главы 52–53 ГПК; главы 25–27 АПК; главы 48–49 УПК).

Кассационное обжалование — проверка законности вступивших в силу судебных актов и устранение существенных нарушений закона (глава 54 ГПК; статьи 169, 169-1 АПК; глава 52 УПК).

Пересмотр по новым или вновь

открывшимся обстоятельствам — применяется в случае выявления фактов, которые ранее не были и не могли быть известны (глава 55 ГПК; статья 170 АПК; глава 53 УПК).

Роль прокуратуры в данной системе также определена законом: прокурор вправе приносить протесты на судебные акты, однако не обладает полномочиями самостоятельно изменять судебные решения.

При работе с обращениями граждан важно придерживаться единого подхода. Государственные органы не вправе вмешиваться в деятельность суда, давать оценку судебным актам или направлять в суд обращения с просьбами «повлиять» на рассмотрение дела.

Вместо этого гражданам необходимо разъяснять процессуальные возможности защиты их прав, порядок и сроки подачи апелляционных и кассационных жалоб.

Независимость суда является не только принципом организации государственной власти, но и важнейшей гарантией защиты прав человека. Разъяснение гражданам конституционных основ судебной власти и установленного законом порядка обжалования судебных решений способствует повышению правовой культуры общества и формированию правильного понимания работы судебной системы.

Департамент юстиции Карагандинской области

Мемлекеттік қызметке іріктеу: жаңа мүмкіндіктер мен ашық жүйе

Мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі жыл сайын жетілдіріліп келеді. Осы бағытта Президенттік және Өңірлік кадр резервтері, меритократия қағидаты, сондай-ақ, конкурстық тағайындау ерекше маңызға ие.

Президенттік кадр резерві

Бұл бастама талантты әрі білімді жастарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған.

Аталған резервке іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады. Үміткерлер алдымен онлайн тіркеліп, кәсіби және қабілеттік тестілеуден өтеді. Одан кейін ассесмент кезеңі, сарапшылық комиссиямен әңгімелесу және ұлттық комиссияның шешімі қарастырылады. Барлық кезеңдер ашық әрі әділ өтеді.

Резервке енген жастар орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие болады.

Қарағанды облысы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне 6 адам жолдама алғанын атап өтуге болады.

Өңірлік кадр резерві
Еліміздің дамуына үлес қосатын, білікті басқарушыларды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жоба.

Өңірлік кадр резервіне іріктеу барысында кандидаттардың білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, басқарушылық қабілеті дағдылары бағаланады. 2025 жылы резервке Қарағанды облысынан 25 адам іріктелді.

Конкурстық тағайындау

Мемлекеттік қызмет жүйесінде Өңірлік кадр резервінде тұрған мамандарды қызметке тарту үшін конкурстық тағайындау тетігі де қарастырылған. Бұл механизм білікті кадрларды мемлекеттік органдарға жедел тартуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Өңірлік кадр резервінен 12 адам мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке кіру процесін жеңілдету мақсатында 2022 жылы мем-

лекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Енді жоғары оқу орнын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары көрсеткішпен бітірген түлектер (академиялық нәтиже GPA 3,33) мемлекеттік қызметке ауылдық, аудандық деңгейдегі лауазымдарына (басшылық емес лауазымдарына) конкурстық орналаса алады.

Бұл бастама жастарға ауылдық жерлерде жұмысқа орналасуға бағытталған.

2024 жылы – 18, 2025 жылы 19 жас түлек мемлекеттік қызметке осы тәсіл арқылы конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Меритократия қағидаты

Мемлекеттік қызметке білімді әрі қабілетті жастарды тарту, сондай-ақ, оларды қабілеттеріне және жетістіктеріне қарай меритократия жолымен тағайындау жүзеге асырылуда.

2025 жылы Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында 167 басшылық лауазымына 87 (52%) мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты негізінде тағайындалды.

Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдерінде 98 басшылық лауазымның 45-іне (46 %) осындай тәртіппен тағайындау жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тоқсан сайын жоғары нәтижеге бағаланған мемлекеттік қызметшілер конкурстық рәсімдерсіз жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие.

Аталған бастамалар мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа буын кәсіби мамандарын тартуға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын тиімді кадрлық саясат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Б. МАКЕЕВ
МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп кеңесі хатшылығының меңгерушісі

» БІЛІМ

Бастауыш сыныпта «Ерекше ертегілерді» оқыту әдістері



Бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамытып, тіл байлығын арттыруда ертегілердің орны ерекше. Соның ішінде “Ерекше ертегілер” топтамасын оқыту – балалардың ойлау қабілетін жетілдіріп, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге мүмкіндік береді. Мұндай ертегілерді оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар заманауи тәсілдерді қолдану тиімді нәтиже береді.

Ең алдымен, ертегіні оқыту барысында мультфильмдерді пайдалану – оқушылардың қызығушылығын арттырудың тиімді жолы. Мысалы, халық ертегілерінің желісі бойынша түсірілген қысқа мультфильмдерді көрсету арқылы балалар



оқиғаны көзбен көріп, кейіпкерлердің мінез-құлқын жақсырақ түсінеді. Мультфильмнен кейін мұғалім оқушыларға “Қай кейіпкер саған ұнады?”, “Неліктен?” деген сұрақтар қойып, олардың өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасайды.

Сонымен қатар, ертегілерді сахналау әдісі ерекше рөл атқарады. Сахналау барысында оқушылар кейіпкер рөлін сомдап, ертегі мазмұнын терең меңгереді. Мысалы, “Бауырсақ”, “Мақта қыз бен мысық” сияқты ертегілерді шағын көрініс ретінде ұйымдастыруға болады. Оқушыларға қарапайым диалогтар беріліп, оларды мәнерлеп айтуға үйрету қажет.

Осындай сахналық қойылымдар балалардың сөйлеу дағдысын да-

мытып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілетін де арттырады.

Ертегіні оқытуда рөлдік ойындар мен шығармашылық тапсырмалар да маңызды. Мысалы, “Ертегіні жалғастыр”, “Өз ертегіңді құрастыр” сияқты тапсырмалар оқушылардың қиялын дамытады. Сонымен бірге, ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беру арқылы оқушылар жақсылық пен жамандықты ажыратуды үйренеді. Ертегілер желісі бойынша суреттер салып, оны қазіргі жасанды интеллект бойынша оқушыларға мультфильм құрастыруды, әдебиеттік оқу сабағында жиі қолданамын.

Қорытындылай келе, “Ерекше ертегілерді” бастауыш сыныпта оқытуда мультфильмдерді көрсету, сахналау, рөлдік ойындар сияқты әдістерді тиімді қолдану – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, білім сапасын жақсартады. Бұл тәсілдер арқылы бала ертегі әлеміне еніп қана қоймай, өмірлік маңызды құндылықтарды меңгереді.

**Гульнур Абдрахманова,
Абай атындағы ЖББ
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі**



Саран қаласының білім беру ұйымдары арасында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» агитбригада конкурсы
Өткізу күні: 30 сәуір 2026 жыл сағ 11:00-де
Өтетін орны: Мәдениет үйі
Қаланың мектеп командалары қатысуға шақырылады.
Шығармашылық көрініс ұзақтығы: 5–7 минут.
Формат: сахналық қойылымдар, мини-спектакльдер, әндер, өлеңдер, ұрандар, плакаттар.

Жеңімпаздарды күтеді:

- I, II, III орындарға дипломдар
 - арнайы номинациялар бойынша грамоталар
 - бағалы сыйлықтар
 - барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары
- Өтінімдер қабылданады: mo0.smido.08kz@gmail.com
Анықтама телефоны: +7 700-550-60-80

Командалық ұстанымыңызды көрсетіңіз, шығармашылығыңызды паш етіңіз және мектебіңіз адалдық пен белсенді азаматтық позиция үшін екенін дәлелдеңіз

Конкурс агит-бригад «Мы против коррупции» среди учебных заведений города Сарань

Дата проведения: 30 апреля 2026 года в 11-00 часов

Место проведения: Дом культуры

Приглашаются команды школ города для участия в конкурсе.

Продолжительность выступления: 5–7 минут.

Формат: сценки, мини-спектакли, песни, стихи, лозунги, плакаты.

Победителей ждут:

- дипломы I, II, III места
- грамоты за специальные номинации
- ценные призы
- поощрительные призы для всех участников

Заявки принимаются на e-mail: mo0.smido.08kz@gmail.com

Телефон для справок: +7 700-550-60-80

Выразите свою командную позицию, проявите творчество и покажите, что ваша школа за честность и активную гражданскую позицию!

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЭССЕ БАЙҚАУЫ ЖАРИЯЛАНАДЫ!

«Адал қоғам — жастар көзқарасымен»

Мектеп оқушыларын, колледж студенттерін және жастарды байқауға қатысуға шақырамыз!

Формат: офлайн (эссе байқау барысында жазылады)

Күні: 2026 жылғы 26 сәуір

Өтетін орны: Мәдениет үйі

Тіркелу: 10:30

Уақыты: 60–90 минут

Жүлде қоры:

* Гран-при — 100 000 теңге

* 1 орын — 70 000 теңге (2 жеңімпаз)

* 2 орын — 50 000 теңге (2 жеңімпаз)

* 3 орын — 30 000 теңге (2 жеңімпаз)

Барлық қатысушыларға дипломдар мен сыйлықтар табысталады!

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Объявляется офлайн-конкурс эссе!

«Антикоррупционная культура глазами молодежи»

Приглашаем школьников, студентов колледжей и молодежь принять участие!

Формат: ОФЛАЙН (эссе пишется на месте)

Дата: 26 апреля 2026 года

Место: Дом культуры

Регистрация: 10:30 час

Время выполнения: 60–90 минут

Призовой фонд:

• Гран-при — 100 000 тенге

• 1 место — 70 000 тенге (2 победителя)

• 2 место — 50 000 тенге (2 победителя)

• 3 место — 30 000 тенге (2 победителя)

Все участники получают дипломы и призы!

» МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫНДА

НАУРЫЗ ДУМАНЫ:

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ



(Басы 1-бетте)

- Көңіл-күйлеріңіз жақсы, денсаулықтарыңыз мықты болсын. Бақытты болыңыздар! Бізге алғаш рет келіп, осындай жақсы мереке ұйымдастырылуда. Мереке үшін көп рақмет!,- деп өз пікірін қалдырды Плановый кентінің тұрғыны Наталья Элипова.

Кейін қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары Дубовка кеніне жолға шықты. Ол жерде де ұлттық құндылықтарға айрықша көңіл бөлінді. Тұрғындар арқан тартыс жарысын ойнып, Наурыз мерекесін шаттықпен қарсы алды. Аулада тоғызқұмалақ ойыны ойналып, ою-өрнекпен жасалған шығармашылық жұмыстар ел назарына паш етілді. Мәре-сәре болып жүргірген балалардың үні, «Асыл әжелер» хорының, «Мечта» ансамблінің орындауындағы ырғақты, көңілді әндер шараны одан сайын көрікті ете түсті. Тұрғындарды жайдарлы көңіл-күйге бөледі.

- Наурыз құтты болсын! Барлықтарыңызды мерекемен құттықтаймын! Мен 15 жылдан артық жылқылармен

және иттермен айналысып келемін. Үш тазы тұқымынан шыққан итім бар, - деді Дубовка кентінің тұрғыны Владимир Бакал.

«Асыл әжелер» хорының мүшесі, алты құрсақ көтерген, 12 неме-



ренің асыл әжесі Күләш Жабагина да тұрғындарды Наурыз мерекесімен құттықтады.

- Наурыз – жаңа жылымыз келді. Бәрімізге құтты болсын! Құт-береке



әкелсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Міне, таңертең Сараннан шығып Дубовкада болдық, Плановыйда болдық, шүкір өлең айтып тойлап жүрміз. Отбасыларыңыз аман болсын. Бақытты болыңыздар. Осындай шара-

«Realize!» көше және заманауи би клубының мың бұралған бишілерінің өнері тамашаланды. Әсем әндер шыркылып, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін мерекенің шаттығын сезді.

РТИ шағын ауданының тұрғындары Наурыз думанын ерекше қарсы алды. Киіз үй тігіліп, ақ дастарқанның үстіне ұлттық тағамның түр-түрі қойылды. «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!» деген ниетпен шашу шашылып, көрші-қолан, жора-жолдастар бір-бірін Наурыз мерекесімен құттықтады. Жастар гір тасын көтеруден бақтарын сынап, алтыбақан теуіп, мез-мейрам болса, мерекені тамашалауға келген аға буын өкілдері де шарадан рухани азық алып бір марқайып қалды.

Жоғарыда атап өткен әр елді мекенде Саран қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары өнер көрсетіп, ел алғысына кенелді. Бұл жылы сөздерге, кіршіксіз көңілге, ұмытылмас сәттерге толы күн болды. Наурыз мейрамы - әр шаңыраққа құт-береке әкелсін!

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» НАШИ ЮБИЛЯРЫ

Верность профессии и человеческие ценности



Лира Сабитовна Елемесова — это человек, чья жизнь стала примером преданности профессии и любви к детям. Ее хорошо знают в нашем городе, ведь на протяжении многих лет она была педагогом. И не просто преподавала, а буквально вкладывала душу в каждого своего ученика.

Лира Сабитовна родилась 27 марта 1946 года в Караганде в семье шахтёра.

А свой путь в педагогике она

начала после окончания в 1969 году Саранского педагогического училища имени Абая. Молодого специалиста направили в Ульяновский район, где Лира Сабитовна стала учителем русского языка и литературы в неполной средней школе.

В 1971 году она вышла замуж за Токана Кенжебековича Акпанбаева и продолжила работать учителем в Умиткерской средней школе. Позже, в связи с семейными обстоятельствами и переездом в Темиртау, она преподавала в средней школе №17 уже как учитель начальных классов.

С 1978 по 1980 годы семья проживала в Ульяновском районе, где Л. Елемесова работала воспитателем детского сада. В 1980 году семья переехала в Сарань, и с этого времени её профессиональная деятельность была связана со школой №17. Здесь она преподавала казахский язык и литературу, передавая ученикам знания и любовь к родному слову.

Общий педагогический стаж Леры Сабитовны составляет 41

год! За годы работы она воспитала не одно поколение учеников, многие из которых с благодарностью вспоминают своего учителя.

Не менее значимой частью её жизни стала семья. Вместе с супругом они прожили 50 лет, вырастили пятерых детей, каждый из которых нашёл своё место в жизни и создал собственную семью.

Сегодня Лира Сабитовна — счастливая бабушка 17 внуков. Несмотря на почтенный возраст, она ведёт активный образ жизни, участвует в общественной деятельности и остаётся примером для окружающих. За многолетний труд ей присвоено звание ветерана педагогического труда, а также вручена медаль «Күміс алқа».

От всей души мы поздравляем Лиру Сабитовну с юбилеем! Желаем оставаться всегда такой же энергичной, открытой и позитивной! Крепкого Вам здоровья, благополучия и всего самого доброго!

Соб. инф.



**Уважаемая
Елемесова Лира Сабитовна!**

Поздравляем Вас с Вашим знаменательным юбилеем. Ваши годы — это бесценное богатство, в которых и жизненная мудрость, и опыт прожитых лет.

А еще - безмерная благодарность Ваших учеников за преподнесенные им уроки жизни, тепло и открытость Вашей души.

Пусть каждый день Вашей жизни будет наполнен счастьем и любовью родных Вам людей.

Здоровья на долгие годы и прекрасного, праздничного настроения!

**Первичная организация
ветеранов образования**

» ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САРАНДА ӨЗ-НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЕРЕКШЕ СӘН-САЛТАНАТПЕН ТОЙЛАНДЫ



Саран қаласында Ұлыстың ұлы күні биылғы жылы бұрынғыдан да айрықша көркемделіп, ұлттық нақыштағы безендірулермен көз тартты. Ақ киіз үйлер тігіліп, айнала әсем ою-өрнектермен көмкерілді.

Тұрғындарға шат-шадыман көңіл сыйлаған мерекелік шара Наурыз шеруінен бастау алып, «Сұңқар» стадионында өз жалғасын тапты. Жаңару мен жаңғыру күнінде Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыр қала тұрғындары мен қонақтарын Өз-Наурыз мерекесімен құттықтады. Ізгі тілегін білдіре отырып, «Үздік киіз үй», «Үздік мүсін», «Үздік фигура» қалалық байқауларының жеңімпазы мен жүлдегерлерін қаржылай сертификаттармен марапаттады. Сондай-ақ, бір топ жас кәсіпкердің бағы жанып, Саран қаласы әкімінің жастарға арналған бизнес-идеялар мен жобалар байқауының үздіктері атанды. Оларға да кәсібін қолдау мақсатында қаржылай сертификаттар табыс етілді.

Бұл күні бір мезетте 100 домбырашы қолына домбыра алып, күмбірлете күй ойнаса, алаңда 80 биші «Қара жорға» биін билеп, дала тынысын сезіндірді. «Қош келдің, Өз-Наурыз» театрландырылған қойылым қойылып, қоңыр домбырадан әйгілі күйшілердің күйлері тартылды.

Сондай-ақ, «Ең үздік ұлттық киім», «Ең ұзын өрілген шаш», «Ең үлкен шелпек», «Ең үздік ұлттық тағам» және «Ұлттық нақыштағы үздік торт» байқаулары ұйымдастырылып, тұрғындарға ерекше әсер сыйланды. Ұлттық киімдерден өткен сән дефилесі де қазақы нақыш пен заманауи стильдің үйлесімін көрсетті.

«Ең үздік ұлттық киім» байқауын

- №2 жалпы білім беретін мектептің оқушысы Ангелина Гернер жеңіп алды. Оның көйлегі жібек матадан тігіліп, күлгін түсті ою-өрнекпен безендірілді.

- Бұл көйлекті тігуге екі аптаға жуық уақыт кетті. Оны біздің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Венера Михайловна жасады, - деп ұлттық нақыштағы киімдер арасында ең



ерекше көзге түскен көйлектің иесі - Ангелина Гернер пікірін білдірді.

Шаттық пен марапатқа толы сәтте «Ұлттық нақыштағы үздік торт» байқауының жеңімпаздарымен де тілдесуге үлгердік.

- Бүгін біз - Ақтас кентіндегі №13 жалпы білім беретін мектебі «Ұлттық нақыштағы үздік торт» байқауында 1-орынға ие болдық. Біздің торттың салмағы төрт жарым келі, диаметрі - 35 см. Жеуге жарамды бүй-



ымдары бар киіз үймен безендірілді, алты бақан теуіп отырған қыз және қазақ күресі бейнеленді. Біз өте қуаныштымыз!,- деп өз әсерімен бөлісті аяулы ана Кристина Ахмаджонова.

Наурыз көженің тіл үйірет дәмі мен ұлттық тағамдар қойылған дастарқандар шараның шырайын ашса, тартысты белдесулерге толы қазақ күресінен, қол күресінен, тоғызқұмалақ пен зияткерлік ойындардан

әдебиеті пәнінің мұғалімі Сәби Сәулетов.

«Арқан тартыс» жарысында бірінші орынға ие болған командаға су жаңа теледидар сыйланса, қазақ күресінен өз бағын сынап көрген палуандар қаржылай сертификат пен белдікке ие болды.

- Мен Құсайын Әділет Қайсарұлы осы Саран қаласында болып жатқан қазақ күресінен 90 келі салмақ дәрежесіне дейін жеңімпаз атандым. Қазақ күресінен айта кетсек, Қазақстан Республикасының жеңімпазымын, Қазақстан Республикасының спорт шеберімін, осы Саран қаласының тұрғынымын. Наурызымыз құтты болсын! Ақ мол болсын! Қайда барсақ та жол болсын!,- деп жеңімпаз палуан барша халықты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Мерекеге орай қала тұрғындары үшін Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі және Саран қаласының мәдениет үйінің, «Достық үйі» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының, балалар өнер мектебінің ұжымдары мерекелік бағдарламасын ұсынды. Әсем әндер орындалып, мың бұралған бишілердің өнері тамашаланды.

«Сұңқар» стадионының алаңы әдеттегіден де ерекше түрленіп, сұлуланып кетті. Балалардың сыңғыр күлкісі, көрермендердің қалың қошеметі мен ізгі лебізі толастамады.

Биылғы Наурыз тек думан ғана емес, бірлік пен жаңарудың, береке мен молшылықтың символына айналып, әрбір тұрғынның жүрегіне ұмытылмас сәт пен жылулық ұялатқандай.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА



» ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Діни ағарту және оның экстремизмнің алдын алудағы рөлі

Қазіргі қоғамда діни ағартудың маңызы ерекше. Дұрыс діни білім – жастарды теріс идеологиялардан қорғаудың ең тиімді жолдарының бірі. Экстремистік ағымдар көбіне діни сауаты төмен адамдарды алдап, өз мақсаттарына пайдалануға тырысады.

Сондықтан мектептен бастап, жоғары оқу орындары мен мешіттерде дұрыс діни түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Діни

ағарту адамдарға төзімділік, бейбітшілік және адамгершілік құндылықтарды үйретеді.

Қорытындылай келе, діни ағарту – қоғам тұрақтылығының кепілі. Ол экстремизмнің алдын алып, саналы әрі жауапты ұрпақ қалыптастыруға ықпал етеді.

Н. Мұсабеков,
Саран қалалық
мешітінің имамы,
ақпараттық
топтың мүшесі

ӨЗГЕРІСТЕР ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАСТАР: ЖАҢАҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН МӘДЕНИЕТ



Қазіргі заман – үздіксіз өзгерістер дәуірі. Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандану үдерісі, әлеуметтік желілердің ықпалы – мұның бәрі жастардың дүниетанымы мен өмір салтына тікелей әсер етуде. Бүгінгі жас буын – цифрлық қоғамның өкілі, жаңа құндылықтар мен мәдениетті қалыптастырып келе жатқан белсенді күш.

Бұрынғы кезеңдерде тұрақтылық, дәстүрге беріктік, ұжымдық мүдде басым болса, бүгінгі жастар үшін өзін-өзі дамыту, еркіндік, креативтілік және жеке жауапкершілік маңызды орынға шықты. Олар тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өз пікірін ашық білдіретін, қоғамдағы өзгерістерге ықпал ететін тұлға ретінде қалыптасуда.

Цифрлық дәуір жастарына шекара ұғымы шартты ғана. Әлемнің кез келген нүктесіндегі жаңалықты бір сәтте білу, онлайн білім алу, халықаралық жобаларға қатысу – қалыпты құбылысқа айналды. Соның нәтижесінде жастардың ой-өрісі кеңейіп, көпмәдениеттілікке бейімделуі артып келеді.

Жаһандану үрдісі ұлттық мәдениетке де әсер етпей қоймайды. Дегенмен, қазіргі жастар дәстүр мен заманауилықты ұштастыруға ұмтылуда.

Ұлттық құндылықтарды жаңаша форматта дәріптеу – соның айқын көрінісі. Мысалы, әлеуметтік желілерде ұлттық киімдер мен салт-дәстүрлерді заманауи стильде таныстыру, тарихи

тұлғалар туралы креативті контент жасау – мәдени сабақтастықтың жаңа үлгісі.

Сонымен қатар жастар экологиялық сана, гендерлік теңдік, әлеуметтік әділеттілік сияқты жаһандық мәселелерге де бейжай қарамайды. Олар еріктілік қозғалыстарға қатысып, қоғамдық бастамаларды қолдайды. Бұл – жауапкершілігі жоғары, саналы ұрпақтың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Бүгінгі таңда дәстүрлі мамандықтармен қатар цифрлық технология, креативті индустрия, стартап мәдениеті кең өріс алуда. Жастар икемділікке, жаңа дағдыларды тез меңгеруге, үздіксіз білім алуға мән береді. Онлайн курстар, халықаралық бағдарламалар, қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі – олардың кәсіби көкжиегін кеңейтуде.

Осы тұрғыдан алғанда, жастар – қоғам дамуының қозғаушы күші. Олар өзгерістерді тек қабылдап қана қоймай, өздері де жаңа трендтерді қалыптастырады.

Өзгерістер әлеміндегі жастар – жаңа құндылықтардың, жаңа мәдениеттің иесі. Олар еркін ойлайтын, жаңашылдыққа ұмтылатын, ұлттық тамырынан ажырамай, жаһандық кеңістікте өз орнын табуға талпынатын буын. Қоғамның болашағы – осы жас ұрпақтың қолында. Сондықтан олардың әлеуетін қолдау, бастамаларына мүмкіндік беру – ел дамуының маңызды кепілі.

Айым Қананиянова,
«Саран қаласы
Жастар ресурстық
орталығы» КММ басшысы

» ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

Необходимость установки датчиков угарного газа — залог безопасности каждой семьи



В период отопительного сезона значительно возрастает риск отравления угарным газом. Особенно это касается домов с печным отоплением, использованием газового оборудования, колонок и бытовых газовых баллонов. Угарный газ опасен тем, что не имеет запаха, цвета и вкуса, поэтому человек не способен почувствовать его присутствие без специальных приборов.

Ежегодно в стране фиксируются десятки случаев отравления угарным газом, нередко с трагическими последствиями. Основная причина — нарушение правил эксплуатации отопительных приборов, отсутствие тяги, неисправные дымоходы и вентиляция. Однако даже исправная печь или котёл могут стать источником опасности при определённых условиях.

Почему нужно установить датчик угарного газа?

Своевременное предупреждение. Устройство мгновенно реагирует на превышение допустимой концентрации CO в воздухе и по-

дает громкий звуковой сигнал.

Работает круглосуточно, даже когда жильцы спят или находятся в другой комнате.

Защищает семьи с детьми, пожилыми и одинокими людьми, которые наиболее подвержены риску.

Простая установка — датчик крепится на стену или потолок и работает от батареек.

Низкая стоимость по сравнению с ценой человеческой жизни.

Кому особенно рекомендуется установка датчиков?

Владельцам домов с печным отоплением;

Семьям, использующим газовые колонки и котлы;

Домам, где применяются печи-буржуйки, отопительные приборы и газовые баллоны;

Социально уязвимым семьям;

Жителям частного сектора.

Что нужно помнить?

Проводите проверку печей и дымоходов перед отопительным сезоном.

Не закрывайте заслонку печи, пока угли полностью не прогорели.

Не допускайте перекрытия вентиляции.

Проверяйте срок службы и исправность оборудования.

Раз в месяц нажимайте кнопку «TEST» на датчике, чтобы убедиться в его работоспособности.

Установка датчиков угарного газа — это простая мера, которая предотвращает трагедии и спасает жизни. Помните: безопасность вашего дома начинается с вас!

ОЧС г. Сарани

Информация для выпускников средних школ

Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС РК — это единственный в Казахстане институт, который готовит профессиональные кадры для органов гражданской защиты, а также, это самый перспективный вариант для тех, кто хочет получить путевку в жизнь.

Для абитуриентов по очной форме обучения принимаются граждане Республики Казахстан, достигшие 16 лет к началу учебного года, имеющие среднее образование, годные по состоянию здоровья к военной службе и учебе.

К конкурсу на зачисление по очной форме обучения допускаются кандидаты, набравшие пороговый балл по результатам единого национального тестирования (ЕНТ), установленный Министерством образования и науки Республики Казахстан на соответствующий учебный год.

Зачисление в академию производится по конкурсу в соответствии с баллами сертификата по итогам ЕНТ с учетом результатов отбора по медицинским, физическим и психофизиологическим показателям.

Граждане, изъявившие желание поступать в академию, подают заявления (в произвольной форме) в отдел кадровой политики департаментов по чрезвычайным ситуациям по месту жительства.

Обучение проводится по следующим образовательным программам:

Пожарная безопасность;

Защита в чрезвычайных ситуациях;

Пожаротушение и аварийно-спасательное

дело;

Командная тактическая сил гражданской обороны.

Условия обучения в АГЗ имени Малика Габдуллина МЧС РК

Обучение курсантов осуществляется за счет средств республиканского бюджета.

Курсанты на весь период обучения обеспечиваются бесплатным обмундированием, питанием и государственной стипендией.

Курсанты первого, второго и третьего курсов находятся на казарменном положении, четвертый курс — на свободном проживании в г. Кокшетау.

Для лиц, окончивших полный курс очного обучения в академии, а именно — 4 года, время обучения приравнивается к прохождению срочной воинской службы.

Полную информацию вы можете получить в Отделе по ЧС г. Сарани по адресу: ул. Шахтерская, д.6А, 7-77-77.

Преимущества учебы в АГЗ имени Малика Габдуллина МЧС РК

Обучение за счет государства; полное гос. обеспечение в период обучения; денежное довольствие (стипендия); гарантированное трудоустройство по окончании; время обучения засчитывается в срок срочной военной службы.

По окончании учебы курсант получает:

Диплом государственного образца; звание лейтенанта гражданской защиты;

направление для службы в МЧС РК.

М. Жүнісбек,
Инженер РГУ ОЧС г. Сарани
ст. лейтенант гражданской защиты

РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

услуги



СТРОЙКА
СТРОИТЕЛЬСТВО И РЕМОНТ

- Дома с нуля, бани, беседки
- Хоз. блоки, веранды, пристройки
- Кровля крыш, металлочерепица
- Канализация, установка септиков
- Водоснабжение, отопление
- Фундамент, отмостки, сайдинг
- Заборы, ворота, калитки кованые
- Покраска и реставрация домов
- Реставрация и замена полов
- Туалет, ванная под ключ
- Внутренние работы любой сложности

БЫСТРО, КАЧЕСТВЕННО, НЕДОРОГО
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКА 15%
8-775-783-04-09, 8-708-520-95-10

услуги

Строительно-отделочные работы всех видов.
Ремонт под ключ. Услуги сантехника, электрика.
Т.: +7-771-372-56-88 (WhatsApp Муратбек), +7-702-359-46-02.

услуги

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

СДАЕТСЯ

Сдается гараж по улице Труда, 22. Т.: 7-13-83.



**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED-ЭКРАНЕ
в центре города

ХИМЧИСТКА



НА ДОМУ

- Мягкой мебели
- ковров
- матрасов

- Работаем БЕЗ ВЫХОДНЫХ
- Антибактериальная обработка
- Устранение запахов
- Гипоаллергенные средства
- Уничтожение пылевых клещей

8(707)220-28-99



СВЕЖЕСТЬ И ЧИСТОТА
НЕТ ПЫЛЕВЫХ КЛЕЩЕЙ

ПЫЛЕВЫЕ КЛЕЩИ
БАКТЕРИИ И ПЯТНА

**ХОТИТЕ СКАЗАТЬ «СПАСИБО»,
ПОЗДРАВИТЬ РОДНЫХ
ИЛИ ПРОДАТЬ КВАРТИРУ?**

**ВЫ МОЖЕТЕ
СДЕЛАТЬ ЭТО:**

- НА СТРАНИЦАХ НАШЕЙ ГАЗЕТЫ
- В НАШЕМ INSTAGRAM ПРОФИЛЕ
- НА ГОРОДСКОМ LED-ЭКРАНЕ

**ЧТО ДЛЯ ЭТОГО
НУЖНО?**

Просто напишите нам на WhatsApp или приходите в нашу редакцию - мы сделаем всё быстро, удобно и с душой.

+7-778-207-10-06

saran_today

Адрес редакции газеты:
ул. Жамбыла, 69/1

*Услуги размещения объявлений платные



КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 20.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 09.10.2025 года Богатыренко Ольги Николаевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 09.04.2026 г.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

ANTIKOR

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции
(Антикоррупционная служба)

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ

**АДАМ САТУДАН
САҚТАНЫҢЫЗ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА
ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА
ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА
ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ
БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН
ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ
ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ
КОНСУЛЬТАЦИЮ
ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО
ВЬЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА
ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ
КАЗАХСТАНА!

ТЕГІН АНОНИМАЛ, ТӘУЛІК БОЙЫ
БЕСПЛАТНО, АНОНИМНО, КРУГЛОСУТОЧНО

11616 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

NEWZEGLAN MINISTRY OF FOREIGN AFFAIRS

11616 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

ООН

ОБЪЕДИНЕННЫЕ НАЦИИ

ОБЪЕДИНЕННЫЕ НАЦИИ

ОБЪЕДИНЕННЫЕ НАЦИИ

ОБЪЕДИНЕННЫЕ НАЦИИ

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует телефон доверия: **5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Весна! Она неповторима во всех ее проявлениях. Ведь именно весной сердца наполняются необыкновенной радостью и умиротворением. Окунаешься в воспоминания, длиною в жизнь.

Поздравляем с юбилеем уважаемых ветеранов:

Приходько Валентину Дмитриевну - 85 лет

Тен Лидию Алексеевну - 75 лет

Потапову Веру Михайловну - 70 лет

Мартовских именинников:

Чурилову Галину Ивановну, Свиргун Ольгу Николаевну, Болле Наталью Федоровну, Котову Евдокию Иосифовну, Насырову Валентину Николаевну, Козятинскую Дамиру Гайниевну, Успленеву Аду Семеновну, Пискунову Тамару Александровну, Байленову Умитжан Бейсембаевну, Кунгурцеву Любовь Николаевну.

Желаем вам весеннего настроения и исполнения самых заветных желаний. Долгих лет жизни и всех земных благ!

Г. Тохметова

руководитель ГУ «Отдел образования» г. Сарани

О. Свиргун

председатель первичной организации ветеранов образования

А. Акпарова

председатель профсоюза организаций образования

Весна шагает по степным просторам.
Хотя ещё лежит усталый снег,
Зимы не поддаваясь уговорам,
Год новый начинает свой разбег.

Весна пришла! Дыхание свободно!
Зимы остался за спиною плен,
И в каждом ее звуке первородно
Рождаются надежды перемен.

У юрт витает вкусный запах мяса,
Чувств не унять, когда поёт домбра --
Голубизну небесного окраса
Перепопляет ритмами игра.

Домбра звучит, и льётся слово живо,
Айтыс ведёт извечную игру.
Ступает конь под всадником красиво,
Весна шагает от двора к двору.

Ты, Наурыз, в году не просто дата,
А пульс земли, дыхание степей,
Родных просторов нежная соната,
Где каждый гость становится родней.

Идёт весна сквозь время и границы,
Следы стирая стужи и тревог,
С ее приходом каждый год родится
В моей душе о Наурызе слог.

Петр Володин

				Жан из фильма «Горбун»					Мама кухни	Ястреб, едящий личинки шмелей	Ударная трехминутка	Мифологическая река
«Нос долог, голос звонок»		Что такое нагул скота?		Приток Енисея								
									Бунтарь	Кустарниковая ива	Куда принято плакаться?	Откупивший первородство
Любовь Вакулы		Лопаточка каменщика		Приемник звука в воде								
								Бог ветра у греков	Трехполосная спортивная фирма			
Фильм про астероид				Он мечтал о сердце	Жизнь по шаблону	К чему дорога ложка?				Римский император	Складка на ткани	Сон под ножом
Мультипликационный попугай	Деньги (разг.)	Что такое чертог?						Место разгрома русского флота	Высушенный сок мака			
				Черная магия из Африки				Смолин	Подкожное свиное сало	Чья столица Кызыл?		
	Судно рыбнадзора	Колючая трава				Крутая вечеринка (жарг.)					Роман Эмиля Золя	Жанр Горация
				Мифический трудоголик					Дитя плетущего тенета			
	Наказание рублем	Первый в Зодиаке				Прия-тель Пожарского					Искусственный язык	
Народный певец у казахов				Перо из тростника					Место ссылки Лермонтова			

Саран газеті

Директор
ТОО «Саран тынысы»,
Х.Т. ДАИРОВА

Газета зарегистрирована
в Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан.

Республиканское государственное
учреждение «Комитет информации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан»
Свидетельство
№ КЗ82VPU0121161
от 05.06.2025 г.
(номер и дата первичной
постановки на учет
10.02.2006 г., 6940-Г)

Собственник:

ТОО «Саран тынысы»

Адрес
редакции:

101200
г. Сарань,
ул. Жамбыла, 69/1
Тел., факс: 5-10-15
sarangazeti@mail.ru

Выходит
один раз
в неделю,
форматом А3
Тираж 710

Газета
набрана
и сверстана
в редакции

Распространяется
по подписке и в розницу
в г. Сарани и пос. Актас

Отпечатано в ТОО
«Типография «Арко»
100009
г. Караганда,
ул. Сатпаева, 15

Печать офсетная.
Заказ № 13

Опубликованные матери-
алы не всегда отражают
точку зрения редакции.
Ответственность за
достоверность сведений,
содержащихся в публика-
циях и рекламном тексте,
несут авторы публикаций
и рекламодатели.